

Қазақстан Республикасы Президентінің "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 60

Қазақстан Республикасы Президентінің "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 150-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Республикалық бюджеттің кірістерінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттерін екінші деңгейдегі банктерде орналастырудан түсетін түсім - 824300 мың теңге болып белгіленсін.";

27-баптың 2-абзацы алынып тасталсын;

28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. 1996 жылы мемлекеттік ішкі қарызға және республикалық бюджет тапшылығына алынған несиелерге қызмет көрсету нөлдік ставка бойынша жүзеге асырылатын болып белгіленсін.";

мынадай мазмұндағы жаңа 31-баппен толықтырылсын:

"31-бап. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, республикалық бюджет есебінен ұсталатын басқа да мемлекеттік органдар бойынша республикалық бюджет шығыстары ұлғайтылсын, сондай-ақ облыстар мен Алматы қаласының бюджеттеріне 17159500 млн теңге" сомасында қаржы бөлінсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы қаржыны атаулы бөлуді жүзеге асырсын";

31-бап 32-бап болып есептелсін;

Жарлыққа "Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған республикалық бюджеті (қолданылып жүрген сыныптама бойынша) деген N 1 қосымшада:

"Кірістер" бөлігінде:

"Бюджет бойынша мекемелер мен шаралар" деген I бөлімде:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және екінші деңгейдегі банктерден түсетін түсімдер, барлығы" деген жолдағы "4983800" деген сан "824300" деген санмен ауыстырылсын;

- "ағымдағы жылдың пайдасынан" деген жолдағы "4159500" деген сан "0" деген санмен ауыстырылсын;

"3. Алымдар және салыққа жатпайтын түрлі кірістер барлығы" деген жолдағы "17772400" деген сан "21931900" деген санмен ауыстырылсын;

"б) өзге түсімдер" деген жолдағы "9607400" деген сан "13766900" деген санмен ауыстырылсын;

"Шығыстар" бөлігінде:

"Бюджет бойынша мекемелер мен шаралар" деген I бөлімде:

"1. Экономиканы қаржыландыру, барлығы" деген жолдағы "35151717" деген сан "31651717" деген санмен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет, барлығы" деген жолдағы "4754437" деген сан "1254437" деген санмен ауыстырылсын;

"Кешендерге кірмейтіндер бойынша жиынтығы" деген жолдағы "19202904" деген сан "15702904" деген санмен ауыстырылсын;

"7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратын, орталық және жергілікті атқарушы органдарды ұстауға арналған шығыстар" деген жолдағы "13168340" деген сан "8168340" деген санмен ауыстырылсын;

"12. Мемлекеттік ішкі қарызға қызмет көрсету жөніндегі шығыстар барлығы" деген жолдағы "8064750" деген сан "3905250" деген санмен ауыстырылсын;

" - бюджет тапшылығына берілген несиелер үшін проценттер төлеу" деген жолдағы "1067000" деген сан "0" деген санмен ауыстырылсын;

" - ішкі қарыз бойынша проценттер төлеу жөніндегі шығыстар" деген жолдағы "3092500" деген сан "0" деген санмен ауыстырылсын;

"I бөлім бойынша шығыстар жиынтығы" деген жолдағы "153534799" деген сан "158034799" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"14. Министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, республикалық бюджет қаржылары есебінен ұсталатын басқа да мемлекеттік органдарға, сондай-ақ облыстар мен Алматы қаласының бюджеттеріне қаржы бөлу - 17159500";

"Сыртқы экономикалық қызмет" деген III бөлімде:

"Елшіліктерді, өкілдіктерді ұстау жөнінде және басқа да мақсаттарға валюта сатып алу, барлығы" деген жолдағы "28584479" деген сан "24084479" деген санмен ауыстырылсын;

"1) Сыртқы заемдар мен міндеттемелерді өтеуге жұмсалатын шығыстар" деген жолдағы "22046458" деген сан "17546458" деген санмен ауыстырылсын;

"III бөлім бойынша шығыстар жиынтығы" деген жолдағы "36749479" деген сан "32249479" деген санмен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті